

Келісілді
«ШҚО кәсіптік білім
беру орталығы» КММ
директоры

 А. Ақылбек
«__» __ 2020 ж.



Бекітемін
«Innovative College» мекемесінің
директоры

_____ Уразбаева К.Т
«__» __ 2020 ж.

**«Қызықты химия әлемінде»
қашықтықтан өтетін облыстық
жобалау жұмыстары байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

Өскемен, 2020

Жалпы ережелер

«Қызықты химия әлемінде» қашықтықтан өтетін облыстық жобалау жұмыстарының байқауы (одан әрі – Байқау) «Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығы» КММ жалпы білім беру пәндері оқытушыларының облыстық әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Іс-шараға жалпы білім беру мекемелерінің 8-10 сынып оқушылары қатыса алады.

Өткізілу күні: 2020 жылғы 25 қараша, басталуы: сағат 11:00-де.

Қажетті ақпаратты келесі байланыс телефондары арқылы алуға болады: 87475279728, 87757686552 Кымбат Сагидоллаевна

Байқаудың мақсаты мен міндеттері

- химия пәнін өмірмен байланыстыра отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, химия пәнінен алған білімдерін айқындауға мүмкіндік беру;
- оқушылардың тұрмыста қолданатын химиялық заттар туралы білімдерін дамыту, химиялық заттардың табиғатқа әсеріне негізделі отырып, табиғатты қорғауға деген көзқарастарын қалыптастыру.

Байқауға қатысу тәртібі

Байқауға өтінім білдірген қатысушылар ZOOM конференциясы арқылы қатысуды толық қамтамасыз етуі тиіс. Жобалау жұмысы қазақ тілінде презентациямен бірге ұсынылады:

- таныстыру (3мин.);
- жобалау жұмысын қорғау (5 мин.)

Жобалау жұмыстарын қорғау онлайн режимінде өтуіне байланысты қатысушылар санына шектеу қойылады (10 өтінім түскеннен кейін жобаға өтінім қабылдау аяқталады). Өтінімдерді қабылдау 2020 жылғы 20 қарашаға дейін жүргізіледі.

Талаптарға сай жіберілмеген материалдар қарастырылмайды. Өтінімдер ashim_1964@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі. Өтінімде қатысушының 3*4 фотосы болуы тиіс.

Жұмыстарды бағалау, қорытындылау

Іс-шара қорытындысын әділ-қазылар шығарады.

Қазылар алқасы қатысушыларды төменгі шарттарға байланысты бағалайды:

- жұмыстың өзектілігі;
- тақырыпты аша білуі;
- сөйлеу мәдениеті;
- регламенттен аспауы;
- шығармашылығы (жобалау жұмысы бойынша ерекше жаңалықтың болуы).

Жеңімпаздарға және олардың жетекшілеріне ШҚО кәсіптік білім беру орталығының 1, 2, 3 дәрежелі дипломдары табысталады. Барлық қатысушыларға «Innovative College» мекемесінің сертификаты тапсырылады.

Өтінім үлгісі

«Innovative College» мекемесінің директоры
К.Т.Уразбаева ханымға

«Қызықты химия әлемінде»
қашықтықтан өтетін облыстық
жобалау жұмыстары байқауына қатысу үшін
ӨТІНІМ

Мектеп	Қатысушының аты-жөні	Сыныбы	Жетекшінің аты-жөні	Қатысушының немесе жетекшінің электронды поштасы

Колледж директоры: _____